

Қамысты ауданының әкімшілік аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын айқындау және бекіту туралы

Қостанай облысы Қамысты ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 20 қыркүйектегі № 127 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 27 қыркүйекте № 24517 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабының 1-тармағының 4-2) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрі міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 264 бұйрығымен бекітілген Ішкі сауда қағидаларының 50-1-тармағына сәйкес Қамысты ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қамысты ауданының әкімшілік аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындары айқындалсын және бекітілсін.

2. "Қамысты ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыны оның ресми жарияланғанынан кейін Қамысты ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қамысты ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкім

Г. Бекмухамедов

Әкімдіктің

2021 жылғы 20 қыркүйектегі

№ 127 қаулысына

қосымша

Қамысты ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындары

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Қостанай облысы Қамысты ауданы әкімдігінің 10.01.2022 № 1 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

				Жақын орналасқан инфрақұрылым (ұксас тауарлар
--	--	--	--	---

№	Орналастыру орындары	Алатын алаңы (шаршы метр)	(Сауда қызметін жүзеге асыру кезеңі	ассортименті сатылатын сауда объектілері, сондай-ақ қоғамдық тамақтану объектілері) ескерілген қызмет саласы
1	Қарабатыр ауылы, Комсомольская көшесі, № 18 құрылысқа қарама-қарсы	30	5 жыл	Азық-түлік және азық-түлік емес тауарлар, жақын орналасқан инфрақұрылым - " Гульжан" дүкені
2	Арқа ауылы, Школьная көшесі, № 5/2 құрылыстың алдында	20	5 жыл	Азық-түлік және азық-түлік емес тауарлар, жақын орналасқан инфрақұрылым – " Мясной" дүкені
3	Клочков ауылы, Комсомольская көшесі, № 12 құрылысқа қарама-қарсы	65	5 жыл	Азық-түлік және азық-түлік емес тауарлар, жақын орналасқан инфрақұрылым – " Алмат" дүкені
4	Талдыкөл ауылы, Комсомольская көшесі, № 1 құрылыстың алдында	20	5 жыл	Азық-түлік және азық-түлік емес тауарлар, жақын орналасқан инфрақұрылым - жоқ
5	Жайылма ауылы, Ленин көшесі, № 14 құрылысқа қарама-қарсы	25	5 жыл	Азық-түлік және азық-түлік емес тауарлар, жақын орналасқан инфрақұрылым - жоқ
6	Адай ауылы, Валиханов көшесі, № 25 құрылысқа қарама-қарсы	30	5 жыл	Азық-түлік және азық-түлік емес тауарлар, жақын орналасқан инфрақұрылым – " Виктория" дүкені
7	Аралкөл ауылы, Мауленов көшесі, № 5 құрылысқа қарама-қарсы	50	5 жыл	Азық-түлік және азық-түлік емес тауарлар, жақын орналасқан инфрақұрылым - жоқ
				Азық-түлік және азық-түлік емес

8	Орқаш ауылы, Центральная көшесі, № 8 құрылысқа қарама-қарсы	40	5 жыл	тауарлар, жақын орналасқан инфрақұрылым - жок
9	Алтынсарин ауылы, Октябрьская көшесі, № 18 құрылысқа қарама-қарсы	38	5 жыл	Азық-түлік және азық-түлік емес тауарлар, жақын орналасқан инфрақұрылым - жок
10	Дружба ауылы, Школьная көшесі, № 6 құрылысқа қарама-қарсы	25	5 жыл	Азық-түлік және азық-түлік емес тауарлар, жақын орналасқан инфрақұрылым - жок
11	Қамысты ауылы, Ержанов көшесі, 51 құрылыстың сол жағында	65	5 жыл	Азық-түлік және азық-түлік емес тауарлар, жақын орналасқан инфрақұрылым – " Центральный" дүкені
12	Ливановка ауылы, Кооператоров көшесі, № 1 құрылыстың алдында	78	5 жыл	Азық-түлік және азық-түлік емес тауарлар, жақын орналасқан инфрақұрылым – " Алиев" жеке кәсіпкердің дүкені
13	Фрунзе ауылы, Калинин көшесі, № 2 құрылысқа қарама-қарсы	65	5 жыл	Азық-түлік және азық-түлік емес тауарлар, жақын орналасқан инфрақұрылым – " Коваленко" жеке кәсіпкердің дүкені
14	Бестөбе ауылы, Абай көшесі, № 22 құрылысқа қарама-қарсы	75	5 жыл	Азық-түлік және азық-түлік емес тауарлар, жақын орналасқан инфрақұрылым – " Адлет" дүкені
15	Красногор ауылы, Парковая көшесі, № 7 құрылысқа қарама-қарсы	20	5 жыл	Азық-түлік және азық-түлік емес тауарлар, жақын орналасқан инфрақұрылым – " Продукты" дүкені

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК